

## **Кеңбидайық ауылдының ЖОББ мектебінің психолог қызметінің 3-тоқсанға арналған есебі.**

Қантар айында 6-7 сыныптар арасында «Ойлар, сезімдер, міnez құлық» тренинг өтті. Мақсаты: Эмоциялы өрісін дамыту, қатысушылардың сезімдерін айта алуы және анықтауға дағдылануды үйрету. «Ой», «сезім», «міnez» «құлық» түсініктерінің жіктелуі. Топтың ынтымақтастығын көтеру. Оқушылармен «Дос достыққа» сергіту ойыны, «Сүйсінген және ренжіген ойыны» және «Жаңбыр жауып тұрғанда мен ..... туралы ойлаймын» жаттығуы ойнатылды. 9-сынып оқушыларымен А Е Голомштоктың «Қызығушылық картасы» диагностикасы болашақ мамандық тандауға дұрыс бағыт - бағдар беру. Балалардың қызығушылықтарын арттыра отыру. Балаларға дұрыс жол көрсете білу.. 5 класс оқушыларымен “Үй, Адам, Ағаш” проектті әдістемесі өткізіліп, оқушылардың отбасылық хал-ахуалы, эмоциялары, мотивациялық сипаттары, жасырынып жатқан дүниесін ашуға мүмкіндіктер беріліп, оқушылар зерттелінді. Бұл зерттеуді жүзеге асыру үшін оқушылардан үйге, ағашқа және қағазға бір адамға сурет салу сұралады. Бұл оқушылардан үйге, ағашқа және қағазға бір адамға сурет салу біздің интерьеріміздегі акроним мынада: үй, ағаш және адам бұл тест біздің интерьеріміздегі неғұрлым кең таралған және «жасырын» қақтығыстарды көрсетуді талап етеді. Сонымен қатар, осы қарапайым күнделікті нысандардың сызбалары арқасында талдаушы адамның жеке адамның элементтерін тексерे алады. Біз оны түсінбейтін болсақ та, үй, ағаш және адам салу біздің әртүрлі себептермен біздің тұпсанамызда сақтайтын элементтерді шығарады.

10-11 сыныптар арасында И. Д. Спилбергердің ситуациялық мазасыздық шкаласы-мазасыздық деңгейін сарапал өлшеудің бірден-бір негізгі әдісі. Шкала 40 тапсырмадан тұрады, оның 20 - сы ситуациялық мазасыздық деңгейін бағалауға, 20-сы жеке мазасыздық деңгейін бағалауға арналған. Деңгейін бағалауға, 20-сы жеке мазасыздық деңгейін бағалауға арналған. Әдістеме топтарда да, жеке-жеке де жүргізілуі мүмкін. Зерттеуші басшылыққа байланысты жауап береді. Тапсырмаларды орындау кезінде субъектілерге тапсырма нөмірлері бар жауаптары бар парактар беріледі. Жалпы көрсеткішті мазасыздық шкаласы" әдісін қолдана отырып, біз "әлеуметтік-ситуациялық мазасыздық шкаласы" әдісін қолдана отырып, біз жеткіншектердегі мазасыздық мектепішлік, өзіндік және адамаралық деген үш түрге бөлініп бағаланады. Мектепішлік мазасыздық баланың мүғалімдермен немесе басқа оқушылармен қарым - қатынасының қалыптасуына байланысты көрінеді, өзіндік ерекшелігі алдында тұрған мәселелерді шешудегі жетекші мотивациясы сәттілік немесе сәтсіздіктен кашу болып табылады, ал тұлғааралық-баланың қалыптасуына байланысты, тұлғааралық жалпы адамдармен қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасқандығына тәуелді болады. Оқушылардың деңгейі шкала бойынша

есептеліп бағаланады. Бағалау шкаласы. Оқушылардың тапсырмалар бойынша жинаған жалпы баллдары әр шкала бойынша жеке-жеке және де толықтай осы көрсетілген үш шкаланың біреуі бойынша есептелінеді. Қорытындысы мазасыздандың түрлерін және оның деңгейлерін көрсетті. Мазасыздану деңгейі төмендегі стандарттар бойынша анықталады.

Ақпан айында Мұғалімдермен күйіп қалудың алдын алу бойынша мектеп ұжымымен тренинг өткізілді. Мақсаты: мұғалімдердің психологиялық денсаулығының алдын алу, мұғалімдерді өзін-өзі реттеу әдістерімен таныстыру. Эмоционалды және бұлшықет кернеуін жеңілдету; педагогикалық ұжымды біріктіру, кәсіби жанудың, тұлғааралық және кәсіби қактығыстардың алдын алу. 6-7 сыныптар арасында «Мен өзімде ең жақсымын» тренинг өткізілді. Мақсаты; өмір адам баласына бір ақ рет берілетін қымбат сый екеніне ықпал ету. Адам бойында болатын асыл қасиеттерді, адамгершілік, мейірімділік, сезімдерін дамыту. Тренинг барысында адам үшін өмірдің құндылығы, оның қымбат екендігі жөнінде мағлұматтар беріліп «ойлануға арналған балықтар» «Сөйлемді жалғастыр» «Менің мақсатым» жаттығуларын қызығушылықпен орындады. Катысқан оқушылар тренингке қызығушылықпен, белсенділікпен қатысты, қойылған сұрақтарға тиісті жауаптар беріліп, жаттығуларды ықыласпен орындал, өмірдің барлық сәтсіздіктері бақытсыздық емес екендігін ұғынуға мүмкіндік алды. 8-сынып оқушыларымен «Кактус» эмоционалды жеке сала М.А Панфилов проектівті әдістемесі алынды. Мақсаты; баланың эмоционалдық саласының жағдайын анықтау, агрессивтілік пен оның бағытталуын және белгілі бір дәрежеде көрсетуін анықтау. Оқушылар өз ойларындағы бейнелеп салды. Зерттелуші сыннып оқушыларына суретке байланысты қосымша сұрақтар қойылып, және сурет бойынша нашар психологиялық ахуалды тудыратын оқушы анықталған жоқ.

«Жастар және қылмыс мәселесі жасөспірімдердің көзімен» ғылыми жоба аясында оқушылардан сауалнама алынды.. Сауалнама анонимді түрде алынды. Сауалнама 17 сұрақтан тұрды. Сауалнамаға 7-11 сыныптар қатысты. Мақсаты: Жасөспірімдер арасында орын алатын қылмыстың алдын алу, қылмысқа қарсы қолданылатын жаза түрлерімен таныстыру. Оқушыларға қылмыс жасаған адамның занды түрде жауапқа тартылатындығы, біреудің затын ұрлауға, біреуді балағаттап, ар- намысына тиуге болмайтындығы туралы толық жан-жақты түсіндіріліп талқылау. Оқушыларға құқықтық тәрбие жөнінде толығырақ мәлімет беру.

Наурыз айында оқушылармен өмір адам баласына бір ақ рет берілетін қымбат сый екеніне ықпал ету, адам бойында болатын асыл қасиеттерді, адамгершілік, мейірімділік сезімдерін дамыту . Жақсы қасиеттерді үйрету, жаман қасиеттерден жиренту, балалардың ойын ашу, өмірге деген көзқарастарын

қалыптастыру мақсатында «Өмір қандай тамаша» тренингі өткізілді. мақсаты: өмірге тәзімділікті, стресске тәзімділікті, позитивті өзін-өзі тануды және проблемалық өмірлік жағдайларда сындарлы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Өмірге тәзімділік, күйзеліске тәзімділік дағдыларын дамыту, проблемалық жағдайларды шеше білу бойынша әдістемелік ұсынымдар, бейнероликтер, буклеттер, жадынамалар. Іс-шара соңында жасөспірімдерге өміршендік қалыптастыру бойынша ұсыныстар берілді. Сондай-ақ, өзін-өзі бағалау, стресске тәзімділік және 7-11 сынып оқушылары арасында «Зорлық зомбылық туралы мен не ойлаймын?» тақырыбында алынған жасырын сауалнама алынды. Қатысқандар: 7-11 сынып оқушылары . Мақсаты: балалардың құқығын қорғаудағы проблемаларды анықтап және осы мәселе бойынша балалардың көзқарасын білу және оқушылармен жасырын түрде жүргізу.

Қорытынды: оқушылардың зорлық – зомбылық туралы ой қалыптастан, отбасында ешқандай тұрмыстық зорлыққа душар болмаған, егер зорлыққа кенеттен душар болса кімнен көмек сұрау керектігін біледі, баланың құқықтарының қорғайтын зандардың бар екендігін біледі.

Жасырын сауалнамаға қатысқан оқушы арасында зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке тап болған оқушы анықталған жок.

Мектеп психологы:

Мусина А К

**Кеңбидайық ауылдының жалпы орга білім беретін мектебі.**

**2024-2025 оку жылы 1 -жарты жылдық бойынша мектеп  
психологияның жұмысының есебі.**

**Психологиялық қызметтің мақсаты:**

Білім беру үйімдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне катысушыларға психологиялық қолдау көрсету. Окушылар арасында буллинг, кибербуллинг психикалық денсаулықка, репродуктивті денсаулықка дер кезінде көмек көрсету. Педагогтардың ата-аналардың қарым-қатынас жасау біліктілігін, психологиялық жағымды дағдыларын жетілдіру. Осы мақсаттар мен міндеттерді орындау барысында төмендегідей жұмыстар аткарылды.

Қыркүйек айында 1 сынып окушыларының мектепке даярлығын тексеру мақсатында тест жұмыстарын алып, мектепке балаларды қабылдау сынып окушыларының мектепке даярлығын анықтау үшін Марцинковскаяның «Лесенка» өзін өзі және А Керн Йиарасека мектепке дайындық диагностикасы алынды. Бірінші сыныпқа қабылданған балалардың таным процестері зерттелді. Нәтижесінде окушылардың мектепке дайындық деңгейлері анықталып, танымдық қасиеттерін қалыпты дамығандығы анықталды. Өзін-өзі бағалау деңгейін зерттеу «Баспалдақ» С.Г.Мектеп мотивациясының деңгейін зерттеу О М Дьяченконың «Фигураларды салу» киял моторикасы алынды. 1 сынып окушыларының бейімделуі баланыздың өміріндегі жаңа кезең ата-аналар жиналышы өтті. Сонымен қатар 1-5 сынып окушыларының жоғары буынға ауысуы кезіндегі бейімделу бойынша жұмыстар атқарылды. Жануарлар мектебі мектепке дейінгі диагностикасы жүргізілді. 6-7 сыныптар арасында «Мен өзімді мақтан тұта аламын» тренинг өткізілді.

Сондай-ақ 2-11 сынып арасында «өзін өзі бағалау «Социометрия» тесттері алынды. Нәтижесі сынып жетекшілерге хабарланып, топ ішіндегі балалар мен шет қалған балаларға кеңес берілді. Жаттығу жасалды.

Қыркүйек айының 27-сі күні мектепішілік ата-аналар жиналышы өтті. Такырыбы: «Бала қауіпсіздігі қоғам келешегі» Жиналыш барысында баяндамашылар мектеп психологы және әлеуметтік педагог өз баяндамаларын оқыды, және ауыл участковый Дәурен мырза ата аналармен дәріс жүргізді. Сонымен қатар жиналыш барысында ата аналардан сауалнама алынды. Мақсаты: ата-ананың балаға деген көзқарасы, баланың үйдегі әлеуметтік жағдайы, достарымен қарым қатынасы баланың даму деңгейін анықтау. Нәтижесінде әрбір сұраққа берілген жауапқа сәйкес жеке-жеке талдау жасалып, сараптау жүргізілді. Қыркүйек айының 24-і күні

Корғалжын ауданында Корғалжын мектеп гимназиясында Ақмола облысының педагог-психологтарының және әлеуметтік педагогтердің практикалық семинары өтті. Осы семинарда «Мұғалім мен ата -ана арасындағы табысты қарым қатынас» тренингін өткіздім. Мақсаты: Балаларды оқыту мен тәрбиелеу барысында мектептің ата -аналармен қарым-қатынасын күшету және берекелі отбасы мәдениетін қалыптастыру. Тренинг сонында облыстық семинарга белсенді қатысқаны үшін сертификат берілді.

11-сыныптың оқушыларының көңіл-күйлері таңертеңгілік уақытта дәлізде бақыланады, эмоциялық жағдайлары анықталады. Сынып жетекшілерімен байланыс орнатылып , әр баланың жағдайы сұралды. 11-сынып балалармен ҰБТ де дайындық кезінде кездесетін кедергілерді жою мақсатында ойын жаттығулар ұйымдастырылып, дайындық барысында ескеру қажет ережелер туралы айтылды. Ата-аналармен жиналыс әңгіме өткізіліп, кенестер берілді. Сонымен қатар мектеп оқушылары арасында психологиялық қындықтардың болмауы мен алдын алуға байланысты іс-шаралар атқарылып отырылды.

Қазан айында жасөспірімдер арасында сүйцидтік мінез-құлықтың , буллингтің алдын алу бойынша іс шаралар жүргізілді. Өмірлік құндылықтар, өмір туралы ойларын білу мақсатында 5-11 сыныптар арасында Буллинг және Кибербуллингтың алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп сауалнама алынды. Түсіндіру жұмыстары кезінде оқушылар мектеп психологымен бірлесе отырып ситуациялық сұрақтарды ортаға салып талдау жұмыстары жүргізіліп отырды. Сонымен қатар ситуациялық сұрақтарға байланысты оқушылармен ситуацияны анықтау мақсатында рөлдік ойындар жүргізілді. Түсіндіру жұмыстарының сонында оқушылар өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап алды. Осы тақырыпта ата -аналармен де үнемі әңгімелесу өткізіліп тұрады. Сынып жиналыстары мен ата аналар жиналысында сұраныс бойынша тақырыпқа сай ақпараттар беріліп , ағарту жұмыстары да жүргізілді. Ата -ана мен бала арасындағы қарым-қатынас бойынша кенестер берілді .Ата -аналарға қоғамда болып жатқан келеңсіз оқиғалар туралы айтылып, бала қауіпсіздігіне ерекше назар аудару керектігі айтылды. Нәтижесінде балалардың бойында өмірге деген дұрыс көзқарас қалыптасып, ата- аналар өздеріне қажетті мәліметтерді алды.

5-7 сыныптар арасында «Жануарлар мектебі» жобалау әдістемесі бойынша тренинг өткізілді. Мақсаты: мұғалім мен оқушы арасындағы қарым қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл күйден арылу, өзін -өзі тану құрметтеу , оку іс әрекетіне бағдарлау , балаларды өзара жақсы қарым қатынас жасай білуге тәрбиелеу. Жұмыс барысында оқушылар белсенділік танытып, анықтай келе оқушылар мен мұғалімдер арасында қындықтар байқалмады. 11-қазанда 8-9 сынып оқушыларына зиянды әдеттердің алдын алу

мақсатында «Зиянды әдептер» тақырыбында сауалнама өткізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың зиянды әдептерге әуес емес және денсаулыққа тигізер әсері жайлы хабардар екендігі анықталды. Ұстаздардың психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орнатада білу және қолдау көрсету мақсатында тренинг жаттығулары өткізілді

Зорлық -зомбылықтың алдын алу мақсатында балалармен лекция , түсіндіру жұмыстары сақтану жолдары тақырыбында шараптар өтті. Жасырын сауалнамалар алынды; сауалнама нәтижесі бойынша ешқандай факт анықталмады.

### Қараша айында

7-қарашада 1-2-3 сыныптарында өзін-өзі бағалауды анықтау мақсатында «Өзін-өзі бағалау баспалдағы» әдістемесі өткізілді. Әдістеме қорытындысы бойынша оқушылардың көпшілігі өзін-өзі бағалауды орташа және жоғары нәтижені көрсетті. 10-қарашада 8-9 сынып оқушыларына мамандыққа бағыттылығын анықтау мақсатында «Мен не қалаймын?» Е.А.Климов диагностикалық әдістемесі өткізілді. Диагностикалық әдістеме қорытындысы шығарылып, сынып жетекшісі мен оқушыларға ұсынылды. 15-қарашада 8-11 сынып оқушыларының мектепке бейімделу диагностикалау мақсатында «Мінез акцентуациясы» Шмишек әдістемесі өткізілді. 21-қарашада педагогтар арасында «Буллинг, Жасөспірімдер арасында суицидке итермелейтін әрекеттің алдын алу» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу соңында педагогтар қажетті, пайдалы ақпарат алғандығы туралы өз ойларымен белісті. Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қолсұғушылықтан, зорлық-зомбылықтың алдын алу және орын алған фактіні анықтау мақсатында анонимді сауалнама өткізілді. Сауалнамаға 7-9 сыныптар аралығында барлық оқушылар қатынасты. Сауалнама қорытындысы бойынша ешқандай зорлық-зомбылықты бастан өткерген окушы анықталған жоқ. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында ата-аналарға дәріс оқылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Желтоқсан айында 9-сынып оқушыларына өздеріне деген сенімділігін арттыру мақсатында «Жетістікке жету өз қолында» тренингі, 8-9-сынып оқушыларына өмір туралы дұрыс шынайы көзқарас қарым-қатынас орнату мақсатында «Стрестен қалай арылуға болады?» тренингі өткізілді. Желтоқсан айының бірінші декадасында мектепшілік психология апталығы өтті. Мақсаты: Психологиялық қызметтің жұмысын насиҳаттау, мектеп ұжымының ауыз біршілігін қалыптастыру, оқушылардың шығармашылығын, белсенділігін арттыру. Психология апталығында мектеп дәлізіне арнайы ақпараттандыру стенді жасалып, жаднамалар әзірленіп, қызықты тренинг ойындар өткізілді. Оқушылар мен ұстаздарға мектеп

психологы Мусина А.К жеке кеңестер беріп, түрлі тренинг ойын жағтығуларын өткізді. Акция "Менің қоңіл-күйім" (мектепті жағымды суреттермен белсендіру). Бастауыш сыныптар арасында «Қоңілді қылқалам» суреттер байқауы отті. Оқушыларға «Тәтті агаши», «Достық сағаты» тақырыптарында тренингтер өткізілсе, ұстаздарға «Қоңіл-күй», және «Түрлі түсті шарлар» тренингтері өткізілді. Психология апталығына тренинг жағтығуларға ұстаздар да, оқушылар да белсенділік танытты.

#### Ұсыныс:

1. Білім алушылардың эмоционалдық жағдайларына баса назар аударылып, келенсіз оқиғалардың алдын алу жұмысы әрі қарай жүргізілсе.
2. Ата-аналармен, ұстаздармен жұмыс жандандырылып, жаңаша талаптарға сай өткізілсе.

Мектеп психологы:  Мусина А.К

**Кеңбілдайық пұылышың жағдайы орта білім беретін мектебі.  
2024-2025 оку жылы 1-төкен бойынша мектеп педагог психологияның  
жұмысының сөзі.**

**Психологиялық қызыметтің мақсаты;**

Білім беру үйімдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сактау, колайлы әлеуметтік психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне көтүсушыларға психологиялық қолдау корсету. Оқушылар арасында буллинг, кибербуллинг психикалық денсаулыққа, репродуктивті денсаулыққа дер кезінде көмек корсету. Педагогтардың ата аналардың қарым катынас жасау біліктілігін, психологиялық жағымды дағыларын жетілдіру. Осы мақсаттар мен міндеттерді орындау барысында томендеңідей жұмыстар аткарылды;

1 сынып оқушыларының мектепке даярлығын тексеру мақсатында тест жұмыстарын алып, мектепке балаларды қабылдау сынып оқушыларының мектепке даярлығын анықтау үшін Йерасек Керн, Семаго Н тесті пайдаланды. Бірінші сыныпқа қабылданған балалардың таным процестері зерттелді. Нәтижесінде оқушылардың мектепке дайындық деңгейлері анықталып, танымдық касиеттерін қалыпты дамығандығы анықталды. Өзін өзі бағалау деңгейін зерттеу «Баспаңдак» С.Г.Мектеп мотивациясының деңгейін зерттеу О М Дьяченконың «Фигураларды салу» киял моторикасы алынды. 1 сынып оқушыларының бейімделуі балаңыздың оміріндегі жана кезең ата аналар жиналышы отті. Сонымен катар 1.5 сынып оқушыларының жоғары буынга ауысуы кезіндегі бейімделу бойынша жұмыстар атқарылды. Филиппс тесті, өзін өзі бағалау, түзету жаттығулары жүргізілді. Нәтижесінде 1.5 сынып оқушыларының жоғары сыныпқа бейімделулерінің жenіл өтуіне ез улесімізді қостиқ.

Сондай-ақ 2-11 сынып арасында «өзін өзі бағалау «Социометрия» тесттері алынды. Нәтижесі сынып жетекшілерге хабарланып, топ ішіндегі балалар мен шет қалған балаларға кеңес берілді. Жаттығу жасалды.

Кыркүйек айының 27-сі күні мектеп ішілік ата- аналар жиналышы отті. Такырыбы: «Бала қауіпсіздігі көгам келешегі» Жиналыш барысында баяндамашылар мектеп психологы және әлеуметтік педагог өз баяндамаларын оқыды, және ауыл участковый Дәурен мырза ата аналармен дәріс жүргізді. Сонымен катар жиналыш барысында ата аналардан сауалнама алынды. Мақсаты: ата- ананың балаға деген көзқарасы, баланың үйдегі әлеуметтік жағдайы, достарымен қарым катынасы баланың даму деңгейін анықтау. Нәтижесінде әрбір 11-сыныптың оқушыларының қоңіл-күйлері танертенгілік уақытта далізде бақыланады. Әмоциялық жағдайлары анықталады. Сынып жетекшілерімен байланыс орнатылып, әр баланың жағдайы суралды. 11-сынып балаларымен ҰБТ де дайындық кезінде кездесетін кедергілерді жою мақсатында ойын жаттығулар үйімдастырылып, дайындық барысында ескеру қажет ережелер туралы айттылды. Ата-аналармен жиналыш әңгіме откізіліп, кеңестер берілді. Сонымен катар мектеп оқушылары арасында психологиялық

Казан айында жасөспірімдер арасында сүйцидтік мінез-құлықтың, буллингтің алдын алу бойынша іс шаралар жүргізілді. Өмірлік құндылықтар, өмір туралы ойларын білу мақсатында 5-11 сыныптар арасында Буллинг және Кибербуллинг тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп сауалнама алынды. Түсіндіру жұмыстары кезінде оқушылар мектеп психологымен бірлесе отырып ситуациялық сұрақтарды ортаға салып талдау жұмыстары жүргізіліп отырды. Сонымен катар ситуациялық сұрақтарға байланысты оқушылармен ситуацияны анықтау мақсатында ролдік ойындар жүргізілді. Түсіндіру жұмыстарының сонында оқушылар өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап алды. Осы тақырынта ата аналармен де үнемі әңгімелесу откізіліп тұрады. Сынып жиналыштары мен ата аналар жиналышында сұраныс бойынша тақырыпқа сай ақпараттар беріліп, агарту жұмыстары да жүргізілді. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-катынас бойынша көбестер айттылды. Ата аналарға көгамда болып жатқан келенсіз оқигалар туралы айттылып, бала қауіпсіздігіне

ерекше назар аудару керектігі айтылды. Нәтижесінде балалардың бойында өмірге деген дұрыс көзкарас қалыптасып, ата аналар оздеріне қажетті мәліметтерді алды. 5-7 сыныштар арасында «Жануарлар мектебі» жобалау әдістемесі бойынша тренинг откізді. Максаты: мұтаптам мен оқушы арасындағы қарым қатынасты нығайту, жағымсыз коніл күйден арылу, өзін -өзі тану құрметтеу, оку іс әрекетіне бағдарлау . балаларды озара жақсы қарым қатынас жасай білуге тәрбиелу. Жұмыс барысында оқушылар белсенелік танытып, анықтай келе оқушылар мен мұғалімдер арасында қындықтар байқалмады.

Зорлық -зомбылықтың алдын алу мақсатында балалармен лекция , түсіндіру жұмыстары сактану жолдары тақырыбында шараптар өтті. Жасырын сауалнамалар алынды, сауалнама нәтижесі бойынша ешқандай факт анықталмады.

**Ұсыныс:**

- 1.Білім алушылардың эмоционалдық жағдайларына баса назар аударылып, келенеіз оқиғалардың алдын алу жұмысы әрі қарай жүргізілсе.
- 2.Ата-аналармен, ұстаздармен жұмыс жандандырылып, жаңаша талаптарға сай өткізілсе.

Мектеп психологы: Мусина А.К

## **Педагог психологтың 2 жарты жылдыққа арналған есебі.**

2024- оқу жылының педагог -психологтың жоспарына сай қантар айында бейімделуге байланысты 5,6, сыныптар арасында менің сынып жетекшім сауалнамасы алынды. Сауалнама талдау брысында окушыларда бейімделу барысында ұстаздарга мектеп өміріне үйренісе алмай жаткан окушылар анықталды. Сонымен қатар 8-9 сыныптардан «Өзіндік бағалаудың қалай» сауалнамасы алынды, нәтижесінде әр сыныптың берген жауптары бойынша жеке окушылардың өзіндік бағасы шығарылды. Нәтижесінде төмен деңгей көрсеткен окушы болған жоқ. Орта буын окушыларының жұмыстар легіне келер болсақ , 6 сынып окушыларының темперамент типін анықтау мақсатында тест жүргізілді. Сынып окушыларының неліктен сабак үрдісінде тын шулы болып отыратындығы ,олардың мінез құлықтарының әр түрлі тұракты және тұрақсыз болып келетіндігімен түсіндіріледі.

Ақпан айында 9 сыныптан мамандық таңдау бойынша Голланд тесті алғынып анықтау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде Дж голланд жіктеуі бойынша мінез құлық пен оған сәйкес мамандықтары анықталды. Мамандық таңдау барысында ,мамандық туралы хабардар ету үшін «Сенің кәсіби ой-ниетің » сауалнамасын 9 сыныпта жүргізілді. Сауалнамаға 9 окушы қатысты.

Үлгерімі төмен окушылардың олқылықтарды жою мақсатында жоспар құрылып, жұмыстар жүргізілді. 10-сынып ата-аналарымен «Өзінді білгін келсе » жобалық тест. Мақсаты; ата-аналармен , мұғаліммен жобалық тест арқылы өздерінің мінез-құлықтары мен жекелік қасиеттерін жобалай алады. Нұсқау; А 4 форматтағы ақ қағазға сурет салу ұсынылады. Сурет салынып болған сон ,салынған суреттеріне қарай талданады. Мектепішілік Ш және Д, окушыларымен жеке жұмыс жүргізілді. Басқа да окушылармен сабакқа кешігу, сабактан себепсіз қалу және мектеп формасы т б жұмыстар жүргізілді.

Наурыз айында мектеп окушыларымен 1-11 сыныптар арасында «Дос бол LIKE» акциясы өткізілді. Мақсаты; мектепте жағымды қарым-қатынас орнатуға жағдай жасау ұраны; нағыз досынның болғаның қаласан-дос бол! Мектеп ортасында жасампаз ұжымдық шығармашылық негізінде позитивті катынастарды қалыптастыру. Акцияға қатысушылар ата-аналар педагогтер, окушылар, еріктілер. Акция қорытындысы бойынша «Дос бол ЛАЙК» достық қолын ұсын чөллендік өткізілді. Мектепішілік ата-аналар жиналысына қатысып ата-авналарға , ата-аналар қандай ережелерді сақтауы тиіс? Нұсқаулармен таныстырылып ,тренинг өткізілді. Сонымен қатар «Отбасының бала тәрбиесіндегі» психологиялық рөлі атты баяндама оқылды.

Сәуір айында 11 сынып окушыларының ҰБТ-ге психологиялық дайындығы туралы

1. Өзінді -өзің бақылай білесің ба? 10 сұрак
2. ҰБТ -ге көзқарасын қалай?
3. ҰБТ -де кездесетін қыншылықтармен ой бөлісіп , дәңгелек үстел өтті.Оқушылардың бейімі, қызығушылығы анықталып болашактарына мақсат қойып мамандықтары туралы әңгіме қеңестер жүргізілді. Ата-анамен мұғалімнің бірлесіп , жұмыс істеуі үшін баласының окуы мен тәрбиесіне жауапкершілікпен қарау және үнемі мектеппен байланыста болу.Оқушылар байқау тесттен төменгі балл алған жағдайда не себептен екені сараланып оқушыға көмектесуге күн режимін дұрыс құруға ,сабакты дұрыс дайндай білу әдістерін үйретіп көмектер көрсетілді.Оқушылардың психологиялық ахуалын жақсарту үшін ,аптасына бір күн әр түрлі тақырыпта тренинг ,психологиялық ойындар,коррекциялық жұмыстар жүргізілді. Мектеп медбикесімен Даменова Г Т және әлеуметтік педагог Искакова С А қатысуымен дәңгелек стол өткізіліп түсіндірмелі жұмыстар жүргізілді. « Қыз қылышымен » тақырыбында ой бөлісу тренинг сабак жүргізіледі. Мектепішілік бақылауда тұратын оқушылардың , сабакты себепсіз жиі қалдыратын оқушылардың тәртіп бұзу себептері анықталып, сол оқушылармен коррекциялық ,түзету жұмыстары тренинг жүргізілді. « Суицидке жол жоқ » атты және оның кең таралу себептерін анықтау туралы жұмыстарымен танысып осы тақырыптағы ой-пікірлерін ортаға салып тәрбиелік жұмыстар жүргізілді. «Мен өмірді сүйемін » тақырыбында шығарма жазып суреттер салды.

Мектеп психологы: Мусина А.К.

